

## Созақ ауданы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 231 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 4220 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 320 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 14.09.2020 № 320 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 27 бабының 2 тармағына және "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Созақ ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Сатыбалдыға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*C.Полатов*

Созақ ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 231 қаулысына қосымша

## Созақ ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

p/c	Ауыл округінің атауы	Орналасқан жері
1	Шолаккорған ауылдық округі	Шолаккорған-Түркістан тас жолының оң жақ бөлігінде орналасқан жасыл аймақтың жаны
2	Таукент кенті	Таукент кентінің жанындағы биіктігі 25 метр ту тұғырының қарсы беті

3	Қызметшек кенті	№ 23 көп қабатты тұргын үйдің артқы жағы, мешітке қарама-қарсы алаң
4	Созақ ауылдық округі	Созак-Қаратай тас жолының сол жақ беті
5	Қарақұр ауылдық округі	Үсенбай көшесі, "Қарақұр" жалпы орта мектебінің солтустік жағындағы алаң
6	Құмкент ауылдық округі	Жылы бұлақ көшесі мен Тасарық көшесінің қылышы
7	Қаратай ауылдық округі	Жиенбет батыр және Қазақстан көшелерінің қылышы, Шынқожа мешітінің алды
8	Жартытөбе ауылдық округі	К.Кемелұлы атындағы орта мектептің жаны
9	Сызған ауылдық округі	Қозмолдақ елді мекені, Қ.Тоқмұхаммедов көшесінің басы, ескі гараждың алды
10	Жуантөбе ауылдық округі	Жуантөбе ауылдық мәдени сауықтыру алаңының алды
11	Тасты ауылдық округі	Бұрынғы дәріхана жаны
12	Шу ауылдық округі	Абай көшесі, бұрынғы әкімшілік ғимаратының алды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК